

2024 жылғы қаңтар-қарашадағы химия өнеркәсібі

2024 жылғы қаңтар-қарашада ҚР СЖРА ҰСБ жедел деректеріне сәйкес өндіріс көлемі құндық мәнде 1 001,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда 16,0%-ға артық.

Химиялық өнім өндірісінде негізгі үлесті өзге бейорганикалық заттар – 44,9%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 13,7%, бастапқы нысандардағы пластмассалар – 12,8%, өзге де химиялық өнімдер – 5,9%, бояғыштар мен пигменттер – 5,6%, өнеркәсіптік газдар – 5,3%, ЛКБ – 3,7%, өзге де негізгі органикалық заттар-3,4%, пестицидтер және басқа агрохимия – 2,3%, сабындар мен жуғыш заттар, тазартқыштар мен жылтыратқыштар – 1,5%.

Нақты көлем индексі **108,4%** құрады. Өсудің негізгі себебі негізінен химия және аралас өнеркәсіп салаларында (*ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс және т.б.*) тұтынушылық сұраныстың өсуі болып табылады. Заттай мәнде **өндіріс көлемінің ең үлкен өсуін** мынадай тауарлар көрсетеді: фосфор тыңайтқыштары (+39,9%), гипохлориттер (+26,1%), тұз қышқылы (+24,0%), фосфор (+23,5%), моногидраттағы күкірт қышқылы (+16,8%), көмірқышқыл газы (+12,7%), хлор (+9,6%), бастапқы формадағы полиуретандар (+7,0%).

2024 жылғы қаңтар-қазанда құндық мәнде химиялық өнімнің экспорты 1 820,5 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 14,4%-ға жоғары болып отыр. Экспорттың негізгі елдері: Қытай (29,4%), Ресей (24,2%), Марокко (4,1%), Қырғызстан (3,9%).

Химия өнеркәсібі өнімдерінің **импорты 2024 жылғы қаңтар-қазанда 3 780,9 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңінен 5,6% төмен. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (41,4%), Қытай (14,2%), Германия (5,7%).**

2024 жылғы қаңтар-қазанда химиялық өнім түрлері нарығының көлемі 3 882,5 млн. АҚШ долларын құрады (1 791,0 млрд. теңге), бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6,2%-ға төмен. Нарық көлемінің артуына қарамастан (+11,6%), және импорт көлемінің төмендеуіне қарамастан (-5,6%), нарық көлемінің төмендеуіне экспорттың айтарлықтай өсуі (+14,4%), сондай-ақ талданатын кезең үшін ұлттық валюта бағамының төмендеуіне айтарлықтай әсер етті (-1,3%). ОТӨ үлесі 0,6 п.т. төмендеп, 2,6% құрады. Импорттық өнімнің үлесі 97,4% құрады.

2024 жылғы қаңтар-қарашада химиялық өнім түрлерін өндірудің ең көп көлемі мынадай облыстарда байқалады: Павлодар (37,1%), Атырау (21,4%), Жамбыл (17,7%), Маңғыстау (8,3%) және Түркістан (5,6%).

ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ЯНВАРЬ-НОЯБРЬ 2024



1 001,2
МЛРД ТГ



108,4%
ИФО

- прочая неорганика
- красители и пигменты
- промышленные газы
- удобрения и азотосодер. вещества
- прочие химпродукты
- пестициды и прочая агрохимия

\$1 820,5
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 97,4%
Отп 2,6%




РЫНОК

\$3 780,9
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-октябрь 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД. ТЕНГЕ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»

РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz